

1 2009  
18583к

# Қайсаp ӘлпіM

3



# Қайсаp ЭлiM

СЕГІЗ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

## 3-тoм

Мәңгілік шер

Хикаят

Мықшеге

Хикаят

Сейітхан Темірбаев

Очерк



“Фолиант” баспасы  
Астана-2007

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Ә 55**

**Ә 55**

**ӘЛІМ Қайсар**

**Серіз томдық шығармалар жинағы.** – Астана: Фолиант, 2007.  
**Т.3: Хикаялтар, очерк.** – 252 бет.

**ISBN 9965-35-157-0**

Каламгер Қайсар Әлімнің «Чернобыль қаһарманы» хикаяты 1989 жылы «кеңестік цензура» сүзгісімен тен жартысы қыскартылып жарық көрді. Бұл томға сол шығарма бастапқы атавы «Мәңгілік шер» деген толық нұсқасымен кіргізілп отыр. Онда Чернобыль атом-электр станасында 1986 жылы болған апат өртін сөндіруде ерлік көрсеткен қостанайлық Леонид Телятниковтін (осы жаңқиярлығы үшін ол Кенес Одағының Батыры атанды) бейнесі жарқын сомдалған.

Көлік апатына ұшырап, екі аяғы сал болып қалса да, тілшілік қаламын таставтай «Торғайдын Маресьеві» атанған Қалиасқар Тұктібаевтың өмірге құлышынысы «Мықшеге» хикаятына арқау болған.

«Сейітхан Темірбаев» очеркінде Кенес Одағы Батырының майдандагы ерлігі мен өмір жолы баяндалған.

**Ә 4702250201  
00(05)-07**

**ББК 84 Қаз 7-4**

**ISBN 9965-35-157-0 – (Т. 3)  
ISBN 9965-35-154-6**

© Әлім Қайсар, 1975  
© «Жазушы» баспасы, 1975  
© Әлім Қайсар, 1998  
© «Ана тілі» баспасы, 1998  
© Әлім Қайсар, 2006  
© «Фолиант» баспасы, 2006  
© «Фолиант» баспасы, 2007

Аңырлар жөнүндө


# Мәңгілік шер

Чаренбай АЖ-1 спағының жердабын  
шының түрлөрін дұхна бағыштайтын.  
**Хикаят**

Аттар

## ПРОЛОГ

Припять каласы 1986 жылдын Май мейрзым қарсандындағы тәттіде думайды тишине жарбласасынан шаршын-шалдағышандай болған бірақ шының көркемдей еді... Той кемінан азгерсе де күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын орындарда оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Жаңынан алған оның шынындағы күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде...



Зерттеушілдердің түсініктерінде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде... Сонда он күннен күнге көркемдік тишинде күннен күнге көркемдік, інжамаржан сипаттын танадын оның мекалатын маузырын алдын-Семей шаңырағында жағынан түсінгенде...

*Чернобыль АЭС-і апатының зардабын  
жоюшылардың рухына бағыштаймын.*

*Автор*

## ПРОЛОГ

Припять қаласы 1986 жылдың Май мейрамы қарсанындағы тәтті де думанды тіршілік қарбаласынан шаршап-шалдыққандай болып, бірауық мызғып кеткендей еді... Той қамынан өзгеше болдырып, бар жасауын, сұлтулығын, інжумаржан сипатын толған айдың сүттей жарығына аймалатып маужырап жатыр. Сәуірдің жиырма алтысина қараған түн. Жұмыс аптасының аяқталып, арқа-басты кен ұстар екі күнге тізгін ұстатқан шағы. Кеш шыққан көктемнің есесін осы бір соңғы он күн толтырып, тұнжыранқы табиғат омырауына жакыттағынып шыға келген: талшын ағашы дуркірек гүлдең, қарағанның хош иісі мұрын жарды, сирень басы бүрленіп ақшыл, көк түсті быжынаған “көбелектерін” құшырлана ұшырғалы түр. Припять осынша жұпар ауамен көкірегін шайынған, ертең бір ажарланып, әлденіп, көркейіп тұрғысы келеді. Тұннің осы бір бал тыныштығы жатаған үй шатырына ұя салған ләйлек құсты да жұмақ бесігінде тербеткендей. Ұзын тұмсығын жауырынына төсей, бауырындағы кос жұмыртқаны қызғыштай басып отыр. Осылайша отыз-отыз бес күн міз бақлас еді, үрпак қалдыру ұлағатының тозағына шыбын жанын шыжғырып, сарқып-ақ берер қуатын. Тек қызыл шака, сары үрпек балапандарын ұшыра алса жарады. Олар да өзіне ұқсан әр шаңырактың бакыт, ырысын бой тұмардай қасиеттеп, корғаса етті. “Киелі құс” атына қылау түсірмей ел үстіндегі тыныштық, бақ, бейбіт тұрмыс, баянды өмір шаттығын үстесе болыпты. Жарық әлемде он жеті түрі, онын ішінде елімізде екі түрі ғана кездесетін ләйлек құстың “Қызыл кітапқа” жазылған аянышты тағдыры қынжылтпай қоймайды. Сол құрдымға сіну қаупінен түнілгендей

болғанда бауырына басқан қос жұмыртқаның сонғы кезде табы қызыл шоқтың жалыныңдағы тынышсыздандырып, әлдебір бүлк-бүлк өмірдің нышанын байқатардай еді.

Үй шатырының үшар басының үшкіліне алып астаудай етіп қонжита соккан үяда тыпты етпестен жатқанына жиырмасыншы күн. Енді екі апта тозақ отына қақталса, осы шырғалаң азапты бір сәттік лебімен желпіп ұшырып жіберетін сиқырлы секунд та алыс еместігін сезеді. Қос балапан қос қанатына қосымша әл-куат берер. Тұған мекен, ашық аспан шаттығын үстей түсер. Адамға да, құска да пана болған мына шаныракта қос мұнлық ғұмыр кешіп жатыр еді. Екеуден екеу. Біріне-бірі сүйеніш таяғы секілді. Ләйлек құс осы шатырға ұя салғалы бүл отаудан әлдебір бүлдіршіннің құміс құлқісін есіткен емес. Табалдырық тоздырып, бейсаут келген ешкім де көріне қоймайды. Томсырайған тұйық бір отау. Терезелерінің өзі өзгеше қасірет, қайғы шеккен адамның көзіндегі болып, сұық ызғар шашады. Жылда көктем лебі лекіп, алтын шуақ төгілісімен әлгі қос мұнлық біріне-бірі сүйенісе жүріп үй жиназдарын аулаға шығарып, ауа сорғызып алады. Жуырда да сол ғадеттерінен танбай әлекке түсті. Кейуана шынылы суретті айнадай жалтыратып сұртті. Одан қос бейне жылы ұшырар еді. Бастиарына үшкір кепке киген. Шекесінен аспан жұлдызындағы бір өткір белгі от шашады. Омырау, кеуде тұсын жылтыр кара таспа белдікпен айқұш-үйкыш тартып тастаған. Өндерінен әлдекімге деген өшпенділік табын жазбай окуға болады; тәкаппар, қайсағ, сұсты... Кемпірінің қасына шойнандал шалы келді. Қолындағы ак шыт көлдей шуберекпен кемпіріне сенбегендегі шыныны тағы ыскылай бастады. Белі шыдатпады білем, тез шайлығып қалды да сәкіге отыра кетті. Алқынысы катты. Кәрі кеуде ессіз жұрттағы есік көсігіндегі сықырлайды, бебеулейді, безек қағады. Шалды өксік қысты. Енірегенде етегі толып, құсадан налып көз жасын селдетті. Кейуанадан да әл-дәрмен кетті. Күзгі ызғырықта үзіліп түсер жапырактай дірілдеп, дірдек қағады. Қалт-құлт етіп, шалынын қасына жайғасты. Қолында шынылы сурет. Қос бейне әлдебір сағыныш сазын есіп коя бергендей. “Құлындарым-ау, сол!” деді кейуа-

на көкірегі карс айырылып. Қан-сөлсіз, кезерген ернін тағатсызданып шыныға төсей берді. Аймалап өбіп, ақылынан адасқан кісіше ықылық атты. “Қой, бейбак! — деп зекіді шалы ананың шыныны жапқан аппак, кудай шашын күлтептіп жинап. — Қой деймін! Құдайдың көзі су соқыр болмаса, осыған дейін бір көрер еді бізді, шапағатын тигізер еді..”

Ана зары әудем жерге жетіп жұтылды. Ләйлектің жаны түршігіп, ұсында отыра алмайтындаі хал кешті. Басы бос болса ғой, әуелеп ұшып кетер еді. Күнге талмай қанат қағып, оның алтын кірпігінен мына қос мұнлыққа ем дарытар еді. Күн-Анадан жалынып-жалпайып, әлдебір құдіреттің қүшімен қос бұлдірішінге өмір сыйлар. Сонда: “Біз тіріміз, атана!” десіп, шынылы суреттегі қос бауыр ғайыптан тіл катса... Шайқалған шаңырак қалпына келер. Куанған мен қорықсан бірдей. Есіл бейбактар есін жия алмас... Ләйлек мұның құр киял екенін біледі. Біле тұра “е, сондай күн туар ма еді” деп тілейтінін қайтерсін. Өзінің құтты ұсын қонақтатқан қасиетті шаңырак еді. Қаншама балапандарын ұшырды. Енді бауырындағы қос жұмыртқа қызудан жарылып, шайқалса... Қос мұнлық бір жасап қалар. Балапандарының қыбырын сезгенде олар қос қолдарын күн қағар қылып, сұқ саусакпен нұқи мезгесіп қалай мәз болады десенізші. Қос қараашығы от-жалыннан аман-есен оралғаннан бетер күйгелек қағады. Солардың биыл серпілгенін тағы бір көрсе... “Адамдарға куаныш сыйлағаннан артық не бар?” Сол үшін өмір сүретіндей.

Тұн ортасы ауа бастады. Ләйлекті ұйқы қысып, катты маужыратты. Маңай қарәкеленке. Желсіз, тынық ауа мас қылатындаі. Бір мезет... жеңіл думпу тұнгі тылсымның қалтқысын дір еткізгендей болды, іле алапат гұрсіл жер дүниені тітірентіп шарабдал жасын – отын жанықтыра ағын-селдей тосыннан өрге шапшысын. Бүрк ете қалған қан-қызыл өрт бұлты санырауқұлақтай түрге еніп бірауық зорайып тұрып алды да, сәлден сон түje шудасындаі желпілдеп, жел ығына жапырылып жөнеле берді. Ләйлек таң қалды. Талай өртті көріп жүр, бір үйлі жан отка да кеткен. Тұтіні қолқаны атып, локсытатын. Миды шайқалтып, көк запыран жүректі

түйнегейтін. Мына өрттен қонсы иіс сезілсейші. Ізінше машиналардың үрей алар ыскырық, гәй-гәйі, адамдардың азы айкай-шуы қосыла шығып түннің түндігін дауылдай керіп, көтеріп айналаны әлем-тапырық қылып жіберді. Ләйлек ұркіп, елегізгенімен, ұясын тастанап кетпеді. Қасиетті құс не қыындықта да бауыр басқан мекенін қимайтын берік қалпын бұзған жок. Оның адамдарға жақындығының бір белгісі де осы еді. Адамдардың ләйлекті сүйіп, аса қадірлеп “адал құс, бак-құт қоритын бейбіт өмір сақшысы” дейтіні де сондықтан болар, бәлкім. Сол асыл сенімге дақ түсіргісі кел-мегендей бейкүнә ләйлек қанатына қорғасын құйып алғандай, ұясына тастанай бекініп жата берді.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### I

Киевтің солтүстігіне қарай жұз елу шақырым жерде ит тұмсығы өтпейтін орман саясында жауыннан кейінгі дүркіреген санырауқұлактай тез өсіп, бой түзеген жас қала үйқы күшағында еді. Тұнгі 1 сағат 23 минутта өзіне зауал төнерін де сезер емес.

Ен алғаш мұнда Курчатов атындағы көшениң сымдай тартылып түскеніне де міне, биыл аттай он алты жыл. Оның есімін әркім қастерлеп, жадында ұстайды. Себебі осында тайлыш-тұяғымен энергетиктер тұрады. Қын да аса қауіпті мамандық иелерінің совет ғалымына деген ілтипаты зор. Ол салып берген жолмен атом игілігін бейбіт өмір қажетіне жаратып отыр. Припятьте В.И.Ленин атындағы Чернобыль атом-электр станциясының орналасқанына әркім-ақ марқайып, мактанған. Әлемде осындай қуаты буырқанған үш жұз жетпіс төрт атом-электр станциясы бар екен. Еліміздеғана қырық бір энергетика блогының жүргегі соғып тұр. Соның бірегейінің мерейін көтерген отыз үш ұлт өкілінің берік достығы, ыстық бауырмалдығы, атом құдіретін бейбіт өмірге бағындырыған тегеуріні баршаға мәлім. Тұрғындарының орташа жас шамасы жиырма алтыдан аспайтындығы да қала өмірінің ғажап романтикасынан, оптимистік бітім-болмысынан, гүлдей сұлу көркінен хабардар етері хак. Қунге алақан жайып, ертеніне елендей түскен үмітті қала еді... Жасыл шырша, ақ балтырлы қайың, хош іісті карағай, са-мырын аясынан зорайып, еңселеніп көрінетін тоғыз қабат үйлер жарылыс дүмпүі шықкан станция жакқа үрейлене көз тігіп қалғандай ма? Шудалана түскен түтіннің қою бұлтын жел жұлмалап, тұтіп әлдекайда маңытып барады. Улы

тырнағының шенгелін Жер-бесіктің тербеуіндегі баршағалам, тіршілікке аяусыз батырып, жойып, матап, өшіріп тастайтындағы айдаһар-ажал көрінен қаймықпаған Припятьке қайран қаларсыз! Оның жауырын сыртында қалқаланып, күллі ел, әлем тағдыры қыл арқанға ілініп тұрғандай еді.

Қаланың бір тұрғыны Леонид Петрович Телятниковтың отбасы бұл тұні ұзак көз ілмей, абыр-сабыры басылмай жүріп алды. Тек он жасар Миша мен одан екі жас қалқынды Олег жастыққа бас қойғанымен бірден үйықтап кетпей, маузыраңқы күйде алма-кезек жауаптасып, сөйлесіп жатыр.

— Ертең балыққа барамыз ғой, тұrmай қаласың, — деді үлкендей танытып Олег. — Мысық пырылына бас әйда!

— Ей, оны өзім де білемін, — деді Миша есінегі түсіп. — Папам сенен бұрын маған айтқан. Демалысының екі-ақ күні қалыпты. Ех, тағы бір ай болса ғой...

Сәл үнсіздіктен кейін Миша қайта сыйырлады:

— Олешка?

— Ау.

— Осы жер бетінде біздің Припять өзенінен артық өзен бар ма екен?

— Толып жатыр!

— Соқ, өтірікті! — деді дауысына әл біткен Миша жастықтан басын жұлып алып. — Припятьқа ештене жетпейді!

— Лена, Енисей, Обь өзендерін қайда қоясың, — деп өршелене түсті Олег. Жағрапиядан есінде қалғандарын екшеді. — Ұзындығы 775 километр ғана. Полесье өнірімен ағып, шектеледі. Ал аналарды айтсайшы.

Миша кереуетіне тіктеліп отырды:

— Соларыңның бойында атом-электр станциясы салынған ба? Припять өзені ше, атомнан қорықпай ағады. Мықтылық демей көр!

— Оған келісуге болады, — деді Олег өрши түскелі тұрған даудың басына су құйып. — Жатайықшы енді...

— Бір сауалым бар. Сосын жатайық.

— Айт, қане.

— Сен жағырапияға мықтысың. Әлгінде өзін айтқан Полесьені жапылама түсінсем де мәніне накты жетік емесспін. Соның сұрағым келеді.

Олег ойланбады. Белоруссия республикасының онтүстігі мен Украинаның солтүстігін алып жатқан орманды алқапты Пolesье деп атайдынын, оны бойлап негізінен Припять, Днепр, Десна өзендері ағатынын тәптіштеп, топырағының күлгін, лайлы-батпакты, шым тезекті-батпакты, карбонатты болып келтінін жіктеді.

— Осы жеткілікті ме? — деді ақыр аяғында болдыртқан кейіппен Олег.

— Қалғанын ертең, өзен жағасында айтасын! — деді Миша еркелігін бұйрық райына ойыстырып.

Леонид Петрович бөлме есігін сығалап ашқанда балалары тәтті үйқының балын сорып, талмаурап жатқандай еді. Пыс-с-с... Біркелкі қағылған кеуде көрігі жан тыныштығын үйытып, әл берген тылсым сәт. Көмескі сәуледен жұздері бозамықтанып көрінді. Алаңсыздық иірімі тұнғиығына батыра түскендей ме? “Үйқыларын бұзылмасын, балаларым!” деп іштей күбірлекен әке желкілдеп өскен құрактай қос бұлдіршінін ертеңіне қас-қағымда көз жүгіртіп, үміт әлдиңе тербелгендей болды.

Былтыр жаз мектептен босасымен, екеуін Черкасск облысындағы нағашы аталарына жіберіп алған. Аяқ-қолдары күс-күс, беттері жарылып, қара қайыстанып келді. Кәдімгідегі шаруа торының қамытын киген. “Шалғы тарттық”, “шемеле үйдік”, “картоп түбін қопсыттық” деп жарыса сөйлегенде келіншегі Лариса бұған көзін қысып қойып: “еңбек құдіреті деген осы, елітіп алған түрлерін қара” деді де келесі жазда тағы жіберіп, ауыл тіршілігіне үйрете беру жөнінде тілек айтты. Куана құптаған. Құптағанда ше? Осы қос шырағы дәл өзінің пешенесіне жазылғандай тек кала төңрегін ғана айналсоктап қалмаса жарады. Ауылда – Боровской ауданындағы Введенде тұғанымен, мектеп табалдырығын алты жасында Қостанайда аттады. Одан әрі Свердловск, Москвадағы инемен білім құдығын қазған киямет асу-жылдар, Рудныйдағы инспекторлық міндеттін өтеге белестері, кейін, дәлдеп айтқанда 1983 жылы осы Припятьтен бір-ақ шығуы – бәрі-бәрі қала сағалаған күндер іспетті. Онысын пәлендей сөкеттікке танып жатқан бұл жок. Оқу, қызмет бабы қай қыр-

дан асырмайды, қай жердің дәмін татқызбайды. Өртшілікті басыбайлы кәсіп етіп алған ол елгезектігімен, көнбістігімен көнгерлілік танытып жүре берді. Мұнысына өкінбейді, тек бір пендешілігінің турі мынаған саяды: “Қала мен дала емшегін тел еміп өсер ме еді?” Тында туып, егіннің қалай өніп, жетілетінінен бейхабар замандастары үшін өзі қызаратын. Төрт түлік малдың түрін кітаптан ғана түстеп, алдынан алмағайып шыға қалса жабайы аң көргеннен бетер осқырынатын бір жерлесін білуші еді... Бұл не? Мән бермеушілік пе, әлде тумасынан қалыптасқан еңжарлық па? Әлгіге байлайша пысықтап, ақыл айтқаны бар. Белгілі жазушы Бруно Ясенский-дің нақыл сезін жадында ұстаған еді. Соны айна қатесіз қайталады: “Дүшпандардан қорықпа – әзер болса атып кетер, – достардан қорықпа – әзер болса сатып кетер, қорықсан немкүрайдылардан корық, олар атпайды да, сатпайды да, бірақ жер бетінде сатқындық та, кісі өлтіру де солардың үнсіз келісімімен болып жатады”. Санадағы, ойдағы еңжарлық рухани мешелдікке апарып тірейді. Түйсікті семдіріп, жалпы болмысты тоқырау тұнғиғыны шым батырады. Сол еңжарлықтан мына екеуін әлсін-әлі сактандырғысы келеді. Елдін, жердің тағдырына, каланың, даланың өткені мен бүтініне ден койып, ертеніне аландап өссе дейді. Шаранасы Рудныйда түскен бұларды шаруаның қайрағына жаңып алуға ден қоюы да азаматтық асыл сезімнен тұған рухани қажеттілік. Өз бойындағы кемшінді бауыр еті – балаларының есесімен толықтыруға ұмтылу да табиғи шешімнің келістілігі шығар. Осындағы оймен Леонид Петрович бөлме есігін жауып, қолтығына қысқан “Бөгелекті” жүре онтайладап, ашып окуға ұмысина бергенде жуынханадан Лариса Ивановнаның сергек дауысы шықты:

– Келсейші бері, неге тым-тырыс қалдың?

“Осының да кір-қоны бітпейді. Тұнімен алысса да, алақаны желінбейтін бейнеткор жан”. – Күйеуі осы оймен келіншегінің жаңына жетіп барды. Лариса Ивановна жұпжұмыр денесін жұтындырып, кір жуып жатыр еді. Устіндегі омырауы ойылған женіл көйлегі терге малшынғаны сондай беліндегі алжапқышымен қоса тінденіп, мүше-мүшесін бөлектеп, “қайран жиырма бестің” жалынына шарпи туседі.

“Әйел біткеннің ғажабы ғой, бұл! — “Күйеуі оны жаңа көргендей сұқтанып тұр. “Сені өлердей сүйетінімді білесің бе?”

Лариса Ивановна жүректе желпінген осы сезіді естіп қойғандай қүйеуіне жалт қарады. Көкшіл көзінен жасын ойнап тұр: “білгенде қандай, асылым!”

— Шаршадың ғой, ертең де күн бар, — деді Леонид Петрович келіншегінің тершіген мандайын алаканымен женіл сипап. — Дем алсайшы.

— Балыққа апарамын деп, желіктіріп қойдың емес пе?

— Кел, онда екеулейік! — Леонид Петрович білегін түрініп шыға келді. — Экел бері ұшын, сыққанның көкесін көрсетейін. Міне, былай ма?

Жастық тысында бедерленген алуан гүлдің кескіні адам аяйтын халге түсті, умаждалып, жапырылып, түте-түтесі шыққандай.

— Левчик, таста, сонша сығып қайтесін, — деп қалды шыдамай Лариса Ивановна.

— Бәтір-ау, ненің аянышы ол?

— Гүл біткенді аяймын! Жансыз болса да жарасымы қандай еді! Жарап, өзім-ақ...

Дәл осы мезетте әлдекандай женіл жарылыстың дүмпүі жүректі тырнап өткендей болды. Сөйткенше болған жок телефон шоқ басқандай шар ете қалды. Неге екені белгісіз Леонид Петрович төбесінен мұздай су құйып жібергеннен бетер қалтырап кетті. Дірілдеген қолымен от көсегендей болып, телефон тұтқасын көтерді. Арғы жақтан диспетчердін абдыраған азалы дауысы құйқаны шымырлатты.

— Машина залынан өрт шықты!.. Тәбе жанып жатыр! Жасақ жіберілді!..

— Маған дереу машина келсін! — деді салмақты үнмен Телятников. Дәл осы секундтан бастап Чернобыль АЭС-ін корғау жөніндегі әскерилендірілген өрт бөлімшесінің бастығы ретінде өзінін пешенесіне тілмен жеткізгісіз ауыр сынан түскеңін сезді... Абдырауға болмайтын еді. Сабырлылық керек. Уақыттың қымбаттығын, ұрыста тұрыс жоқтығын түсінбеді. — Жеке құрамды түгел көтер! Негұрлым шапшаш! Мен шықтым, міне!

Лариса Ивановнаның түрі қу шуберектей боп-боз, қан-сөлсіз. Судан шыққан балықтай ауа жетпей, аузын ебедейсіз ашып, көзі аларған күйі буын-буыны босап бара жатты. Жеті түн бойы аяғынан сарсылып кір жуғаннан ба, әл-дәрмен-нен лезде айрылып, дірілдеген тізесін бекіте алсайши. Бір сұмдықтың болғанын сезеді, сұрайын десе тілі түскір күрмеліп, ырқына көнбеді.

— Несіне үрейленесін? Қорықпа! — деді Леонид Петрович жиналышп жатып. — Болар іс болды! Станция жанып жатыр! Өзіңе, балаларға абай бол!

— Левчик! — дегенше болған жоқ, есік сарт етіп жабылды.

## II

Айқасқа бірінші болып Телятников бөлімшесінің лейтенант Владимир Правик басқарған жасағы тұсті. Бес минутын о жақ, бұжында жасағын сайлад Виктор Кибенок та жетті. Жалактаған өрт тілі төрт блок түгілі тұнгі аспанның өзін жұтып, жалмап қойғысы келгендей өрши шапшып, қана тамған қанжардай сұс-айбатымен түнілдіріп, зәре-құтты қашыраадай.

Жиырма сегіз өртшіні бір механизмнің тетігіндегі ию-қиуызыз басқарып жүрген Правик пен Кибенок бастапқы міндеттерін мұлтіксіз орындаады. Машина залының кия жартастай биік қабырғасын қапталдай баспалдақтар, көтерілу жабдықтары қас қағымда койылып та ұлгерілді. Осының бәрін өртшілер үйткі соқкан алакүйін тұтінге қақалып-шашып жүріп тиянақтаған еді. Қауіп-қатерден тайсактап, жан сауғалаған жоқ. Өрттің өзінен бетер өршелене түсіп, ақыл-айламен жалынның алдын орағысы келеді. Шегінерге жол жоқтығын түйсінеді. “Бұл өрт жай өрт емес, радиация апаты!” деген үрейлі сөз сыртқа шықпағанымен, әр көнілді күпті ететіні аян. Көзден ұғысады, жүрекпен тіл қатысып “куллі ел тағдырына жауаптымыз!” деген актық шешімді нақты қимылмен түйіндеуге әркім жанын пида етпек. Айқас алаңында өмір мен өлім шарпысты. Жалынға оранған стан-

цияның арсыл-гүрсіл, от-демі: “екінің бірі” деп екілене түсетін секілді. Иә, не өмір, не өлім!

— Төбеге шыфатын жолды қауіпсіздендіріп, қамта-ма-сыз е-е-ту кер-ек! — деді жүзінен үнемі ізгілік нұры тамып тұратын Правик үйтқи соққан тұтінге қақалып. — О-о-ған қа-лай... — Эстемелете түшкіріп, түкірігіне шашалды да “карайсың” де-ген сауалын жеткізе алмай қалды.

Кибенок оның өзіне ақыл салып тұрғанын тез ұқты да:

— Дұрыс шешім! — деп құптаған күйі жанына үйлиға жи-налып, абдырап қалған жігіттеріне басқыштың келесісін даярлауға әмір етті. — Өрт ұсыс төбеде!.. Төртінші блоктың төбесінде!.. Соған жетуіміз қажет! Қане, болындар!

Ортшілер даярлыққа кірісіп кетті. Орталарынан оқшау жырылып, сүмірейіп тұрған біреуіне Кибенок жекіріп жіберді:

— Саған бұл әмір журмей ме?

— Жүргім дауаламайды, жолдас лейтенант!

— Мұндай ездігінді ертерек білгенімде, әттен!

— Жолдас лейтенант, өрт апатына көзсіз қойып кетуге болмайтынын білесіз — деді шегір көз Сличенко түсін сұзытып. — Уставта өртшіні ажал аузына айдал сал деген бір ауыз сөз жок. Керінше, қысылтаянда өмірін сактауға қам жа-сау керек! Бұл жай өрт емес, радиация өрті ғой... Ынтастызы-ды ықтырып жұмсағанмен, ондыртпайды бәрібір.

Тәжікелесіп тұратын жер емес, Кибенок оның жолын бө-гемеді. Сұқ саусағын шошайтып, “кет, каранды өшір!” дегендей сұстанды да өртпен арпалысып жүрген Правикке жүгіріп келді.

Алғыр командирлер даярлықтың қапысыз жүргізіліп жат-қанын жіті шолып, енді өзгеше бір тын шешімнің қажеттігін көзben ұғысты. Тағдыр оларға кас-қағымдық есеп шартын ұсынған еді... Неткен ғажап ұқсастық, әлде ерлікке барад жол дара бола ма, екеуі де іштей түсіністікпен “тәуекел” дескен-дей, бір-біріне қарады. Жанарларында үміт оты тұтанғандай.

Тау сілеміне сілкінгендей, жинақылық, құмарлық таныт-қан қос қыран ажал тозанын үрлеген сонау биікке — жетпіс бір метрлік тозак көмейіне тайсалмай назар салды да, “кеттік

онда” деп серттескендей, басқыштармен батыл өрмелеп тартып берді. “Жағдайды жете зерттеп, біліп алмай қарекет қылу өrtке өзің барып түскенмен тең”, – деп жиі айтатын еді командирлері Телятников. Жайшылықта ескертіле салған осы бір сөз жүргегінде жалау болып желбіреп, қасиетті ұран күшіне айналғанын сезді Правик. “Майор үйінде болса жарады”, деп кезерген ерінің тілімен жалап сыйздатып алған Кибенок та Телятников жайлы аңсаумен ойладап, тосыннан қуатқа кенелгендей болды.

Бұлардың жалғыз білетіні – майор Телятниковтың демалыста екендігі. Ішкі есептері бойынша ол екі күннен соң, алдағы дүйсенбіде жұмысқа шығады. “Мүмкін, Қостанай жақтан бір аптаны ертерек қамдап оралған болар...”. “Жол шаршатады. Жұмыс алдында одан ес жиып, қалыпқа келіп алмаса, бір ай тыныққаның зая кетеді” – деп жылына бір рет сағындырып, сарғайтып келетін демалыстың әрбір минутын бағалайтын Телятников неліктен елінде жатып алар екен?! – Дүркірек көтерілген дүдәмал сұраптарға басу айттар дәрмен жоқ. Ендігісі өздеріне байланысты екенін іштей ұғысты. Қандай амал, тәсілмен болса да өрт жолын кесіп тастау керек. Бұл ен бірінші кезектегі міндет. Эйтпесе төртінші блоктың сол қапталындағы жапсарлас тұрған үшіншіге от тиуі мүмкін. Атай көрменіз, онда іс тіptен насырға шабады. Бұғалыққа көнбекен өрттің әлем тағдырына әмірін ойнатып шыға келері анық! Содан сактасын!

Сағатына көз жүгірткен Правик: “Мына тажалға бес минут қалай шыдас бергенбіз!” деп іштей таң қалған күйі Кибенокқа іле тіл қатты:

– Виктор, өзің жеттің, енді бірдеме қылып негізгі күш келгенше амалдармыз. **Жасағын түгел ме?**

– Он үш өртші кірісіп кетті! Өзінде ше?

– Он бес! – Правик машина залына қарай жүгіре жөнелді. Соңынан Кибенок та салып келеді. Екеуі де екі жасақтың бастығы. Жоғалған әр секундтың апattyң пайдасына шешілтінін жақсы біледі. Білгендіктен де жүгірген бойы қысқа жауаптасып, ақылдасып қояды.

— Машина залы арқылы төргінші блоктың әу-жайын бай-қайык! — деді Правик өкпесін өшіріп келе жатса да алқынып, демікпей.

— Блокқа тақай алар ма екенбіз? — Кибенок күдіктенді. Бірақ райынан лезде қайтты. — Ал жақындаш бардық делік. Сосын не істейміз?

Жасынан сыралғы еді бұлар. Тел қозыдай бірге өсті, түйдегі күрдас. Екі елі ажырамай жүріп училищені тәмамдады, қызметті де бірге бастады. Тағдырының жазуын қараңыз енді, апат табалдырығын да бірге аттап тұр. Қабактан ұғысатын дейтіннің нағызы өздері еді.

— Виктор, сен радиацияны еске салып келесің-ау, осы? — Правик жүгірісін тежемей досына қарады.

— Оны да ойлаған жөн!

— Демек, өлімнен қорыққаның ғой.

Не десе екен бұл зауал сұраққа. Өлімнен, дәл қазіргі аранын ашқан өлімнен қорықпайды Кибенок. Артында шегінерге жер жоқ. Атом апатының қара бүлтты тозаңынан, радиоактивті сәулесінен жапа шеккелі жатыр қалың жұрты. Сол тозактан арашалап қалудың алғашқы сынағы мына өздеріне — жиырма сегіз өртшігे зіл батпанын батырып тұр емес пе? Москванды жауға бермей табан тіреп ұрыскандардың саны да — жиырма сегіз еді ғой! Жай бір кездейсоктық па? Әлде, ерлік атаулы егіз туа ма? Ерлік! Өлімнен жасқанбайды Кибенок. Тек, сактанғысы келеді. Жиырма бестің қызығын түгеспегені үшін, ата-анасының аманатын өлі ақтай қоймағаны үшін, сүйікті Танясының өзіне деген шексіз махаббаты үшін өмір сүргісі келеді. Сол үшін сактанбай болмайды! Кеше ғана емес пе еді, атқан таны — Таняның ұлбіреген ерінін құлағына тосып, жібектей үнімен ақырын ғана: “әке боласын, момақаным” дегені. Сол үшін өмір сүрсем дейді. Ең қасиеттісі — Ұлы Отанын қолдан гүлдендірсем, адал теріммен әлдендірсем дейтін асыл арманы жүрек лұпілін сәт сайын шындаш тұрғандай. Жүрек өмірін орындау үшін өмір сүру керек! Сол үшін де сактанғысы келеді.

— Сактық керек, Володя, — деді Кибенок ойын жинақтап. — Сактанғандық өлімнен қорыққандыққа жатпайды.

Правик тәжікеге басты:

— Өзінді сақтағаның — өзгені өлтіргенін!

Кибенок қасарсты:

— Өзгенің өміріне араша тұсу үшін де сактануға міндеттіміз.

— Қолды кеш сермеп, қапы қалмаймыз ба?

— Радиация — жалмауыз! Онымен сактана отырып қурсу өртшінің өнеріне сын. Кім айтып еді мұны? — Кибенок Правикке мойын бұрды.

— Майор Телятников!

— Ендеше бос сөзді қоялық, Телятников айтса... қалай еді?

— Қалт айтпайды! — деп Правик тер жуған ажарлы жүзін алақанымен сылып етті.

Телятниковтың өзі жоқ болғанымен сөзіне тәк тұрысты. Бұл нені аңғартады? Ауызы дуалы ақылқазаматтың абырайын асырмай ма? Шәқіртерін шен-шекпеннін үрейімен емес, көңіл күйін дәл шерітіп, шеберлікке шындастын шыдамды адам осы бөлімшеде екеу болса сыңары, біреу болса бірегей сол-тұғын.

Правиктің әлі есінде... Қолданбалы өрт күралдары спорт түрінен аймақтық жарыстың мәресі туған шешуші сәт еді. Абыр-күбір, алып-қашты сөз көбейіп, женісті қуні бұрын киевтік өртшілерге теліп қойғандардың шекесі қызып, желліпін тұрған. Осы болжамды растағандай етіп припятьтықтарды дүрбеленгे салған тосын жағдай наизағайы жарқ етті. Ең соңғы сынның дәл алдында алтыннан қымбат үпайды әперетін Правик жаракаттанып қалды. Команда мүшелері бір уыс болып үрпісіп, үрейленді. Женісті қолдан сырғыту онай ма? Жыл бойғы төккен тер, жұмсалған уақыт кайтарымсыз қалғаны ма? Бәрінен бұрын намыс күйігі шыдатар ма? Осыны ойлағанда Правиктің бойын ыза буды.

— Тайған тобықпен де шойнандаш саптан қалмас едім-ау, әттен, жібермейді ғой! — дегенде жүзі ток үрғаннан бетер қаракүренденіп кетті. Ызғарлы көзқарасынан “не амал бар, айтсандаршы?” дейтін қинаалыс сезіледі. Өзін қаумалаған жан достарына жанар қадады. Бәрі де “қолдан келсе тайынбас

едік” үшқынын анғартып сан соғады. Үнсіздікті өзі бұзды – Командирдің уәдесі осы бүтін емес пе еді?

– Киевтегі жиналыстан босасымен қанат байлап жетем деген. – Өртші-спортшының бірі осы дағдарысқа тап өзі кінәлідей мінгір етті.

– Бір алмастырса, командирдің өзі алмастырады! – Екінші біреуі Правиктің, оның жана шырларының жаң күйзелісін женілдеткендегі болды. – Жетем десе, темірдегі тәртіпті адам, қара да тұр, жетеді! – Таңданғаннан даусы катты шықты. – О, күдайым, әне, елес пе, өзі ме, жетті!

Шағын шоғыр шайлықкан көңіл керегесін тосын шатықтан керіп жіберіп, сүйікті командирлері Телятниковты алқа-қотандауға әзір тұр. Гу-гу жанықты.

– Кімді айтса, сол келеді деген.

– Жүрек сездіреді ғой!

– Сәтін салса, женіс қолда...

– Сәуегейленбе!

– Жол кеспе!

“Бұлары несі? Бұтарланып қалған томардай дөңкисіп тұрғандарын қара! Кубоктарын көтеріп, көнілді өсіре ме десем, қамықтырмаса не етті? Правиктің жатысына жол болсын! “Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұн болар” деп қазак достарым айтқандай, соның кебін кимесек жаралды. Осылар мені сайыска үгітеп жүрмесін...”

Телятников бұл сөздерді әлгі топка он қадамдай қалғанда ішінен күбірлеп айтқан еді.

Жағдайды жапа-тармағай мәлімдеді. Телятников екі оттың ортасында қалды. Спорттық бапсыз тәуекел етуге батылы жетпеп еді. Мыналар қиылып өтінді. Өзінің де делебесі қозды.

Командирдің көнгенін байқап, бәрі шу ете түсті.

– Жолдас майор, алдыңыздан жарылқасын!

– Қиналғанда өзінізге сенуші едік!

Телятников “жә, даурықпандаршы” дегендегі, жүзін қатайтып, спорт киіміне қол созды. Жан ауруына тістеніп, шыдас беріп жатқан Правикке оның бұл кейіпі женіске қол созғандай болып көрінді. “Ешнәрседен тайсалмайтын

өртшінің мінезінен айналдым” деп командиріне тілеулең болып, риза күйде қалды.

Телятников бар күшін сарқып-ақ берді. Қайран болмады бірақ. Бапсыздың бағын байлағандағы еді. Кедергілі қашықтық әл-дәрменін сығып алды. Сөре сзығы... Жалт ете қалған әлдебір өкшеге мандаійын жалата гұрс етті... “Кеш, кеш қалдым!” Өзегін тілгілеген ашы өксікпен қоса ытырылған осы сөз келесі бір женісті сәтті жіпсіз тартып, жақындаты түскендей еді...

Правиктің есінде қалыпты. Сол жолы Телятников өзінің қатты қамыққанын әзілмен жібітіп: “Женіліс дәмін татқан да дұрыс, женіске шапактайды”, – деді. Правик оны жұбатқысы келді: “Бұл женіліс женістен өткін, майор!” Телятников бұған үнсіз көз тіккен: “Өртші өзеурегенді ұнатпайды”. “Правик те жанар қадасып, пікір жарыстырды: “Сайыстан бас тартсаныз қайтер едік? Сол үшін басымызды иеміз!”. Майор жүзін жылтытты: “Намыс отына қақталмаған өртші түптің түбінде өрттабасында шығжырылды!”

Правик командирін жан ағасындағы ыстық көріп, құшактай алды...

Дәл қазір машина залының тас еденімен тарп-тарп жүгіріп келе жатқанда да “өзіннін орнынды кім толтырар, командир” деген күдігі бас көтеріп, мына Кибеноктан жауап күткендей еді, оның әлгі қактығыстан ба, әйтеуір, тымырайған жүзі сир ашпайтын сыңай аңғартты.

Кибенок та командирімен іштей табысып келе жатқан... “Қысылғанда өзің ойға түсесін тек, майор!” Иә, имандай шыны. “Ерлік, достық, қауіптілік” деген ұғым жастайынан әке мінезінен санаусына сінсе, кейін Телятников арқылы солардың мәнісін колмен ұстап көргендей екен. Өртші үшін осы үш таған түйіннің ешқашан жігі ажырамастай. Ерлік тегін жасалмайды. Оны сомдар тұста достыктың тегеуінді күшінсіз қауіптілік тозағынан күймей өту екі талай. Яғни, достықсыз қауіптілік қақпанында қансырап қалу кын емес. Қауіп, үрей, тосын кеселді қабырғасын қақыратып сөккендер ғана Ерлік үстемдік алар. Солай екендігіне көзі жетіп те жүр. “Өртшілер уставы қанмен жазылған” деп Телятников-

тың жиі қайталауы тегін дейсіз бе? Сана-сезімге салған салмақ қой. В.Саниннің “Алапат өрт” романын оқып шығуға беріп тұрып: “Конспектілеп оқы!” деді қашанғы талапшылдығына бағып. Кейін кітапты өзіне қайтарарда бұл:

— Конспекті бір дәптерге жуықтады, — десін шынайы мактандышипен.

Телятников жатып кеп күлсін:

— Бастағы конспектің қалай? — Бір күлсе көзінен жасы аққанша ұзак селкілдеп, жаңарып, жайнап калушы еді, сол әдеттіне басты. — Бас-с-с-тағын-ды-ы айт-а-мын! Қалың ба-а?

Өзінің анқаулығын жаңа сезінген Кибенок та командирімен қосыла күліп, құр атқа мінгендей женілейіп қалды. Сол шуақты сәтті еске түсіруі мына қазір жан алқымға тірелгенде екінші тынысын ашқандай болды. Алда қандай қыспақ күтіп тұрғанын жақсы сезсе де, “Отан үшін жан пидада!” деп ерекше серпіліспен жұлқынып кеп берді. Дауысы қатты шығып кетті:

— Өлімнен қорықпаймын мен!

Правик жүгірісін сәл тежеп, оған жалт қарады:

— Дауды қойсайшы! Сал... — Манағыдай емес ентік кірген екен, сөзінің сонын жұтып қойды да қайта жалғады. — Салғыласатын жер емес.

— РТП, сен мені дұрыс түсін! Сауысканның сақтығына тели көрме манағы сөз нобайын.

Правик өзін РТП деп дәріптегеніне кәдімгідей арқаланып қалды. “Руководитель тушения пожара”. Өртке ең алғаш түсken адамды осылайша даралайды. Жай қамыт емес, бұғалықтай бұлтартпайтын қанды қамыт! Бес минут төзді оның азабына. Тұтқылдан Кибенок келіп килікkelі де біршама уақыт болып қалды. Досына енді ол жадырай қарап, жаныға тіл қатты:

— Біз болмасақ кім бар енді?! Біз өлімнен қорықпаймыз!

Екеуі бір мезет мандайдан сокқандай кілт токтады. Тулаған жүрек дұрсілі кеудені тепкіледі. Машина залының түйікталатын тұсы еді, төбеден күтірлекен өрт дыбысы жылан ысқырығындай естіліп зәрені алады. Аяқпен басып, көмекейінен айыр тілін суырып алмасан, өзінді шағады. Ол

үшін оның қалысын табу керек. Отұясын дәл анықтап барып қана әрекет қылмаса опық жегізеді. Осы жағын ой елегінен өткізіп үлгерген Правик:

— Төбеге қалай да көтеріліп, әу-жайды шамалап алуымыз керек! — деді жұлып алғандай.

Кибенок та екі айтқызбай, сонынан еруге ынғайланды. Көкейіндегісін де нығырлап қойды.

— Қазір қабылданатын нақты шешім осы барлауымыздың сапасына байланысты екендігін ұмытпайык!

Жайшылықта талай басып жүрген басқыштары еді. Дік-дік етіп көтеріле салатын. Үрейсіз, қауіпсіз басқан әрбір белдік табанға жайлы тиетінін енді сезіп келеді. Бірақ қымылдары ширақ. Бойдан әл кетпесе, ойдан сенімділік жоғалмасы анық. Правик алда көтеріліп барады. Оның өкшесіне тұмсығын жалатқандай болып Кибенок тырмыса өрлейді. Тіреуішке кенедей жабысып, мысықша керіле түседі. “Тайып кетпелік” дейтін аландаушылықтан да ада емес.

Правиктің аяғы төбеге тиді. Кибенок та көтеріліп оның қапталына тұра қойды. Жиырма метрдей жер құлды, вулкандай атқылап, сарқ-сүрқ қайнап жатыр екен. Түйдек жалын құсқан алып өнеш қып-қызыл, көз қарықтырады. Екі өртші жағдайды бірден түсінгендей еді.

— Күресті дәл осы нүктеден бастауымыз керек шығар? — деді Кибенок үйіткі соккан жалыннан бетін қалқалай түсіп.

— Дұрыс ақыл! — Правик ойланып қалды. “Бірақ мына жінішке баспалдақпен көтеріліп болғанша, құллі станцияны от жалмар...”

— Құдігінді түсінемін, — деді Кибенок, — бір амалы бар...

— Қандай?

— Машина залының екінші жағынан лафетті тұғыр қондырылардың көмегімен жаппай көтерілуге болмай ма?

Сұракқа сұрақ қойылды. Жауабын кім берер? Правиктің де ойына келген бұл тәсіл. Эйтсе де “тұғырды жалғап әжетке жаратқанша не заман?” деген жасқаншақтық үнжырғасын басқан. Кибеноктың тұжырымы болса мынау. “Расында да осы жолды тандаған дұрыс” деп іштей бекінген Правик досына тоқетерін айтты.

— Келістік осыған.

— Жараған, — деді Кибенок кою қасын жоғары ойнатып. Разылық кейпін осылай білдіретін дағдысы еді. — Сен қолдасан, майор Телятников та бұрыс демес. Тура шешім, дара шешім осы болар.

— Ұзыныс сенікі, — деді Правик өрт шебінен көз алмай, барлық жағдайды жадына көшіріп кою ниетімен. — Сенің де аузыңдуалы еді фой. Қателеспесбіз. Былайғы өртшілердің де қолдайтынына сенемін.

Кибенок басқышқа аяғын асығыс салып, белуардан жасырынып үлгергенде Правик те төменге түсуге ынғайлана берді. Бірақ неге екені белгісіз осы биік тұғырдан түнгі Припять келбетіне тағы бір көз салуға ансары ауып кетті. Бұрын да осы жерге техникалық бақылау шараларына сәйкес талай рет шыққан. Қалаға сондай сәтте де құмарта қарап қоятын. Көше шамдарынан басқа жарық семіп, тоғыз қабатты үйлер үйкі құшағында балбырап жатқандай болып көрінетін. Шыдамай, ішінен үздіге күбірлейтін: “Мына біздін бейбіт атом сендердің тыныштықтарына қызмет ете береді. “Қазір осы бір сөз есіне тускенде жауырынына құмырска жүгіргендей тұла бойы тітіркеніп, қаз еттеніп шыға келді. “Атомнан енді сактанбасандар болмайды!” деп қала халқына жүрек сөзін, әмірін арнағысы бар. Бірақ оны дәл қазір кім тындар?! Дәрменсіз еді. Әйелі Надежданың, балашагасының құлағына жетер ме? Көппен бірге солардың да саулығын тіледі. “Өзімізді қойши, манадан бері радиация уын таратып біткен шығар” деп ойлауы мүн екен, тұрған орнынан оқ жыланша атылып, төмен сырғыды.

Өртшілерге жағдайдың барысы шапшаң түсіндірілді. Бейбіт өмірдегі аса қауіпті мамандық иелері кесімді шарттың сан тарау, килы жолына түсіп, отпен бетпе-бет келгендей әсерде тұр. Үйкі қашқан,abyржынкы өң дейтіндей емес, бәрі де сергектіктің болат серпінінен енді атылғалы, атылғалы тұр ма дерсін! “Алға бірінші өзім түсемін!” — деп қайрап қойды өзін Андрей Николаевич Половинкин. Ал Иван Шаврей ағасына көз киығын тастады. Леонид болса, бәз баяғы сол салмақты қалпы — атом дүмпуінен жер қозға-